

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

- Баланы үйде дұрыс мақтап және ынталандырып көріңіз. Ұмытпаңыз, эмоцияларыңызды айта отырып, тек қылықты немесе әрекеттердің нәтижесін ғана мақұлдау қажет. Ол үшін қағазға бірнеше фраза жазып алыңыз. Мезі болған «Жарайсың!» деп айту әдетінен бас тарту өте қиын, сондықтан бастапқыда осы тізім Сізге көмектеседі, оны көрінетін жерге іліп қойған дұрыс. Біраз уақыттан кейін дағдыланасыз.
- Сезіміңізбен құштарлығыңызды еркелету арқылы сездіріңіз, «Не деген жақсы баласың!», «Мен сені жақсы көремін!», «Сенің барыңа сондай қуанамын!» деген сияқты жылы сөздер айтып, көзбен қарап білдіріңіз. Мақтауды сабақтардың арасында да жиі айтыңыз, жеке тұлғаны мақтауды қылықты мақтауға жатқызбау қажет.
- Отбасының барлық мүшелеріне: баланың әкесіне, апаларына, әпкесіне осы әдістеме туралы айтып беріңіз. Олар да баланы тәрбиелеудің жаңа әдісін үйрене берсін, Сізбен бірге жаттықсын. Әйтпесе еңбегіңіз зая кетеді.



**МАҚТАУЫҢИЗҒА
СИРТ КӨЗБЕН
ҚАРАҢИЗ**

МАҚТАУЫҢЫЗҒА СЫРТ КӨЗБЕН ҚАРАҢЫЗ

Балаңызға «Жарайсың!» деп жиі айта-сыз ба?

Мақтау баланы көтермелейтінін, көңіл-күйін көтеріп, одан әрі «ерлік» жасауға итермелейтінін байқадыңыз ба? Әрине, балаға жылы сөздер айту қажет, бірақ мақтаудың өз жөні бар, себебі мақтау да баланың мінезін бұзуы мүмкін.

Қазір, бала әлі кішкентай кезде ода танып білуге деген туа біткен қажеттік бар. Бала сіздің мақтау сөздеріңізсіз-ақ айналадағыны қуана зерттейді. Оған әдетте барлық заттар: ыдыс, әкесінің құрал-саймандары, мата қиықтары, тіпті кіре-берістегі аяқ киім қызықты. Балаңыздың тіршілік ортасын дамытуға жағдай жасап, дұрыс ұйымдастырғаныңызға күмәнданбаймын.

Әдеттегі жағдай: бала қорапқа барлық шарларды жинай алды. Анасы «Жарайсың!» дейді. Бірінші сөз айтса, «Жарайсың!», бірінші қадам басса, «Жарайсың!». Сөз байлығының жетімсіздігін айтып отырған жоқпын, баланы қалай мақтасаңыз да болады. Бірақ зерттеулер және көп жылдық педагогикалық тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай мақтау психологиялық тәуелділік тудырады және баланың болашақ өміріне кері әсерін тигізеді.

Бұл тәуелділік тәуелділіктің басқа түрлері сияқты зиянды және қауіпті. Бала-лық шақта, әсіресе баланың тым кішкентай кезінде мұндай мақтауға болмай отырып үйретеміз, алайда мұның ең қорқыныштысы – бұл тәуелділік өмір бойы қалып қояды. Бұл кезде танып білуге деген қажеттік азаяды, ал мақтауға деген тәуелділік өседі, енді бала қызыққандықтан емес, басқалардың оны байқап, мақтауы үшін әрекет жасай бастайды.

БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАҢЫЗ

Сіз ұлыңыздың немесе қызыңыздың әрдайым жаныңызда болмайтынын жақсы түсінесіз, уақыт өте келе олар бала бақшаның, мектептің, институттың және т.б. ұжымына қосылады. Ал кез келген ұжымда, өкінішке орай, теріс ниетті немесе селқос адамдар болады. Қажет еткен мақтауды естімесе, балаңыз психологиялық жайсыздыққа, күйзеліске ұшырауы мүмкін. Бала оны тұлға ретінде құрметтемейді, еңбегі бағаланбайды, деп ойлайтын болады.

Одан бөлек мақтауға деген тәуелділік алуан түрлі кері салдарға әкеп соғады. Бала кішкентай болғанда сіз ол үшін талас-сыз беделді адамсыз, аузыңыздан шыққан бар мақтау оған маңызды.

Жас өспірім кезінде не болады? Барлығы өзгереді, бала үшін құрдастарының берген бағасы маңызды болып, ата-аналарының пікірінің мәні азаяды. Өмірдің дәл осы кезеңінде жолдан таю ықтималдығы жоғары.

Статистика көрсетіп отырғандай, жас өспірімдер құрдастарының құрметіне ұмтылып, түрлі қайғылы салдарға әкеп соғатын қылықтарды ойланбай жиі жасайды.

ҚАЛАЙ ДҰРЫС КӨТЕРМЕЛЕУ КЕРЕК?

Алайда сіз балалардың мінез-құлқына деген эмоциялық реакцияңызды міндетті түрде білдіруге тиіссіз. Оның кішкентай жеңістерін байқап, айтып отырудың бала үшін маңызы зор. Бірақ есте сақтайтын жайт, мақтау баланың тұлғасына ғана қатысты болмауға тиіс. Балаға

үнемі «жарайсың» деп айта отырып, сіз оның нақты қылықтарын емес, тұлғасын бағалайсыз. Баланы сезімдеріңізді білдіре отырып, жеке істері үшін мақтау қажет: «Тамаша (жақсы, күшті, керемет) шығыпты, мен қуаныштымын», «Балаға ойыншықтарыңды бергеніңе ризамын» және тағы басқа. Баланың жақсы мінез-құлқы және істерінің нәтижелері үшін қуаныш, мақтаныш, бақыт сезімдерін білдіре отырып, балаға әр уақытта жанынан табылатыныңызды және оны түсінетініңізді көрсетесіз.

СЕЗІМІҢІЗДІ МАҚТАМАЙ ҚАЛАЙ КӨРСЕТУГЕ БОЛАДЫ?

Баланы жақсы көретініңізді көрсеткіңіз келсе, үндемей қоймаңыз. Алайда әр нәрсенің өз жөні бар, баланың тұлғасын мақтауға болады әрі мақтау қажет, бірақ оның істерінен бөлек, жылы сөздер айтып мақтау керек. Құшақтап, оны қатты жақсы көретініңізді айтыңыз. Оның дұрыс істерін емес, өзін жақсы көретініңізді көрсетіңіз.

Солайша шартсыз махаббатыңызды білдіресіз, бала қажетті эмоциялық белгілерді көреді, бұл кезде танып білуге деген қажеттігі қалады, ал мақтауға деген тәуелділік туындамайды.

Айтпақшы, бұл сөзге де қатысты: ата-аналары ұнатпаған қылықты ғана жақтырмауға болады, оның тұлғасын қозғауға болмайды. Баланың тұлғасын сынаудан аулақ болыңыз.